

| | | |
|--|---|---|
| <p>Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ-та білім алушылардың мемлекеттік стипендияларын төлеу тәртібі туралы ереже</p> |  <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p> | <p>"С. СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ" КеАҚ</p> |
| <p>БМСТТЕ СМЖ 02.2028-2020 13 парақтың 1 парағы 2-нұсқа</p> | | |

Бекітемін
«С. Сейфуллин атындағы
ҚАТУ» КеАҚ
Басқарма төрағасы
№ 538-Н 16.10.2020 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

«С. СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ-ТА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТИПЕНДИЯЛАРЫН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

БМСТТЕ СМЖ 02.2028 - 2020

Дана _____

Көшірме _____

НҮР-СҮЛТАН 2020

| | | |
|--|---|---|
| <p>Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ-та білім алушылардың мемлекеттік стипендияларын төлеу тәртібі туралы ереже</p> |  <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p> | <p>"С. СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ" КеАҚ</p> |
| <p>БМСТТЕ СМЖ 02.2028-2020 13 парақтың 2 парағы 2-нұсқа</p> | | |

АЛҒЫ СӨЗ

1 БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ КҮШІНЕ ЕНДІ академиялық мәселелер жөніндегі департамент сапа қызметімен бірлесе

БМСТТЕ әзірлеген құрылымдық бөлімшенің атауы

2 БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ КҮШІНЕ ЕНДІ ҚАТУ Басқарма төрағасының № 538-Н 16.10.2020 жылғы бұйрығымен

(құжатты ресми түрде растайтын) (бекітілген ұйымдық әкімшілік құжаттың атауы, күні және номері)

3 ӘЗІРЛЕУШІЛЕР : - АМД директоры – Серекпаев Н.А.

ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы Т. А. Ә.

- Басқарма төрағасының қаржы мәселелері және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі орынбасары – Сыдықов А.Ш.

ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы Т. А. Ә.

- БАҚКО директоры Г.Жүсіпова

ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы Т. А. Ә.

- Сапа қызметінің бастығы - Алдабергенова С.С.

ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы Т. А. Ә.

- Сапа қызметінің маманы – Жагалбаева М.Т.

ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы Т. А. Ә.

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРІС МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРІС ЖИІЛІГІ**

**2025 ЖЫЛ
5 ЖЫЛ**

Осы ережені «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ Басқарма төрағасының рұқсатынсыз, түгел және жартылай басып шығаруға, көбейтіп таратуға тыйым салынған.

Санкциясыз құжаттың көшірмесін жасауға тыйым салынады.

| | | |
|--|---|---|
| <p>Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ-та білім алушылардың мемлекеттік стипендияларын төлеу тәртібі туралы ереже</p> |  <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p> | <p>"С. СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ" КеАҚ</p> |
| <p>БМСТТЕ СМЖ 02.2028-2020 13 парақтың 3 парағы 2-нұсқа</p> | | |

Мазмұны

| | |
|--|----|
| 1 Қолданылу саласы | 4 |
| 2 Нормативтік сілтемелер | 4 |
| 3 Жауапкершілік және өкілеттік | 4 |
| 4 Жалпы ережелер | 5 |
| 5 Мемлекеттік стипендияны тағайындау және төлеу тәртібі | 5 |
| 6 С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ-да білім алушылардың мемлекеттік стипендиясының мөлшері | 7 |
| 7 Өзгеріс енгізу тәртібі | 8 |
| 8 Сақтау және тарату | 9 |
| А қосымшасы Мемлекеттік стипендияларды көбейту мөлшерлері | 10 |
| Б қосымшасы Келісім парағы | 11 |
| В қосымшасы Танысу парағы | 12 |
| Г қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы | 13 |

| | | |
|--|---|---|
| <p>Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ-та білім алушылардың мемлекеттік стипендияларын төлеу тәртібі туралы ереже</p> |  <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p> | <p>"С. СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ" КеАҚ</p> |
| <p>БМСТТЕ СМЖ 02.2028-2020 13 парақтың 4 парағы 2-нұсқа</p> | | |

1 Қолданыс аясы

Осы " Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті" КеАҚ-та білім алушылардың мемлекеттік стипендияларын төлеу тәртібі туралы ереже - мемлекеттік стипендияларды төлеу тәртібі мен ережелерін белгілейтін ішкі нормативтік құжат.

Осы ереже университеттің барлық қызметкерлеріне өз жұмысында басшылық ету үшін міндетті болып табылады

Ереже С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ сапа менеджменті жүйесі (бұдан әрі - СМЖ) құжаттамасының құрамына кіреді.

2 Нормативтік сілтемелер

Бұл ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылады:

Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 қаулысымен бекітілген Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу және олардың мөлшерлерінің бекіту туралы;

ҚР СТ ИСО 9000: 2005 Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік.

ҚР СТ ИСО 9001:2015 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар;

СМЖ ҰС 01.1011-2020 Сапа менеджмент жүйесі. Ұйым стандарты. Сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасын құру, баяндау және рәсімдеу ережелері.

СМЖ ҰС 01.1014 - 2017 Сапа менеджменті жүйесі. Бөлімшелер туралы ережелерді әзірлеу, келісу және бекіту ережелері

СМЖ ҚР 01.1006 – 2020 Сапа менеджмент жүйесі. Құжатталған рәсім. Құжаттаманы басқару;

СМЖ ҚР 01.1007 - 2020 Сапа менеджмент жүйесі. Құжатталған рәсім. Сапа жөніндегі жазбаларды басқару.

3 Жауапкершілік және өкілеттілік

3.1 Осы Ережеде көрсетілген процестерді енгізу және басқару үшін Академиялық мәселелер жөніндегі департамент (бұдан әрі – АМД) жауап береді);

3.2 С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде (бұдан әрі – С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ) білім алушылардың мемлекеттік стипендияларын төлеу тәртібі туралы ережені әзірлеу кезіндегі жауапкершілік және өкілеттік, оны келісу, бекіту, қолданысқа енгізу туралы тіркеу былайша

| | | |
|--|---|---|
| <p>Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ-та білім алушылардың мемлекеттік стипендияларын төлеу тәртібі туралы ереже</p> |  <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p> | <p>"С. СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ" КеАҚ</p> |
| <p>БМСТТЕ СМЖ 02.2028-2020 13 парақтың 5 парағы 2-нұсқа</p> | | |

бөлінеді:

- ереженің мазмұны, құрылымы және орындалуына АМД директоры жауапты;

- ереженің жобасы СБӨ-мен, Басқарма төрағасының бірінші орынбасарының кеңесшісімен, АМД директорымен, қаржы директорымен және сапа қызметінің бастығымен келісілуі тиіс.

- ереже жобасының түпкілікті редакциясы туралы шешімді СБӨ қабылдайды;

осы ережені С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ Басқармасының төрағасы бекітеді;

- ережені бекітумен бір мезгілде сапа қызметі оны қолданысқа енгізу туралы бұйрық дайындайды, оны Басқарма төрағасы бекітеді.

3.3 Білім алушылардың мемлекеттік стипендияларын төлеу процесіне қатысатын барлық қызметкерлердің назарына жеткізу үшін оның тікелей басшысы жауапты болады. Танысу туралы жазба "Танысу парағында" ресімделуі тиіс.

4 Жалпы ережелер

4.1 Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу және олардың мөлшерлерінің қағидалары (бұдан әрі-Қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау және төлеу тәртібін, сондай-ақ олардың мөлшерлерін айқындайды.

4.2 Ереже Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын стипендияларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын мемлекеттік атаулы стипендияларды тағайындау және төлеу тәртібіне қолданылмайды.

4.3 Мемлекеттік стипендия С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ-да мемлекеттік білім гранты бойынша күндізгі оқу нысанында оқитын студенттерге, магистранттарға, докторанттарға тағайындалады және төленеді.

4.4 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысымен бекітілген нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған "Еңбек" Мемлекеттік бағдарламасының бірінші бағыты шеңберінде білім алушыларға стипендия аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) нәтижелеріне қарамастан төленеді.

5 Мемлекеттік стипендияны тағайындау және төлеу тәртібі

5.1 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша, сондай-ақ мемлекеттік

| | | |
|--|---|---|
| <p>Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ-та білім алушылардың мемлекеттік стипендияларын төлеу тәртібі туралы ереже</p> |  <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p> | <p>"С. СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ" КеАҚ</p> |
| <p>БМСТТЕ СМЖ 02.2028-2020 13 парақтың 6 парағы 2-нұсқа</p> | | |

білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстырылған, курстық жұмыстар мен дене шынықтыруды қоса алғанда, емтихандар мен сараланған сынақтарды "жақсы", "өте жақсы" тапсырған білім алушыларға мемлекеттік стипендия әр триместрден кейін, емтихан сессиясы мен каникулдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап, академиялық кезең, емтихан сессиясы мен каникулдар аяқталатын айдың соңына дейін ай сайын төленеді. Бітіруші курстардың білім алушыларына мемлекеттік стипендия жоғары оқу орнын бітіруіне байланысты оқудан шығарылған күнге дейін төленеді.

Ағымдағы емтихан сессиясы кезеңінде "FX" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" баға алған және одан кейін осы бағаларды "жақсы" және/немесе "өте жақсы" бағаға қайта тапсырған білім алушыларға стипендия тағайындалады.

Жазғы семестрде пәнді "өте жақсы" немесе "жақсы" деген бағаға қайта тапсырған жағдайда стипендия төленбейді.

5.2 Бірінші академиялық кезеңге мемлекеттік стипендия мемлекеттік тапсырыс бойынша бірінші курсқа (бірінші оқу жылына) қабылданған барлық студенттерге, магистранттарға тағайындалады және 1 қыркүйектен бастап бірінші академиялық кезең және каникул аяқталғанға дейін ай сайын төленеді.

Келесі академиялық кезеңдерде мемлекеттік стипендия студенттерге, магистранттарға осы Қағидалардың осы Ереженің 5.1-тармағына сәйкес алдыңғы академиялық кезең үшін емтихан сессиясының нәтижелері бойынша тағайындалады және төленеді.

5.3 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алатын көзі нашар көретін мүгедектер мен құлағы кеміс мүгедектерге, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және қорғаншылықтағы (қамқорлықтағы) балаларға мемлекеттік стипендия емтихан сессиясының нәтижелері бойынша академиялық берешегі болмаса ұлғайту ескеріліп төленеді.

5.4 Мемлекеттік стипендияға ұсынылған студенттерге, магистранттарға мемлекеттік стипендия жазғы каникул кезеңі үшін екі айға (шілде, тамыз) бірге төленеді.

5.5 Академиялық күнтізбемен белгіленген мерзімде емтихан сессиясын дәлелді себептермен тапсырмаған білім алушыларға (ауру, отбасылық жағдайлар, табиғи апаттар, академиялық немесе кредиттік ұтқырлық бойынша оқу), растайтын құжаттарды ұсынғаннан кейін университет Басқармасының төрағасы білім алушыларға емтихан сессиясын тапсырудың жеке мерзімдерін белгілейді.

Осы санаттағы білім алушылардың тапсырылған емтихан сессиясының нәтижелері бойынша осы Ереженің 5.1-тармағына сәйкес мемлекеттік стипендия тағайындалады.

5.6 Кәсіптік тәжірибе, жазғы каникул кезеңінде, сондай-ақ жұмыс орындары мен лауазымдардағы жұмыс кезеңінде білім алушыларға жалақы

| | | |
|--|---|---|
| <p>Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ-та білім алушылардың мемлекеттік стипендияларын төлеу тәртібі туралы ереже</p> |  <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p> | <p>"С. СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ" КеАҚ</p> |
| <p>БМСТТЕ СМЖ 02.2028-2020 13 парақтың 7 парағы 2-нұсқа</p> | | |

төлене отырып, мемлекеттік стипендия осы Ережеде белгіленген тәртіппен төленеді.

5.7 Басқа ЖОО-дан ауыстырылған білім алушыларға мемлекеттік стипендия білім алушыға басқа білім беру ұйымынан мемлекеттік стипендия төлеудің соңғы айы туралы анықтама берілгеннен кейін осы Ережеде белгіленген тәртіппен тағайындалады және төленеді.

5.8 Докторанттарға мемлекеттік стипендия бүкіл оқу мерзіміне тағайындалады және аралық аттестаттаудың (емтихан сессиясының) нәтижелеріне қарамастан бүкіл оқу кезеңінде төленеді.

5.9 Медициналық қорытынды (дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы) негізінде берілген академиялық демалыстарды қоспағанда, студенттер, магистранттар, докторанттар академиялық демалыста болған кезеңде мемлекеттік стипендия төленбейді.

Академиялық демалыстан оралған студенттерге, интерндерге, магистранттарға мемлекеттік стипендия тағайындау және төлеу оқу жоспарларындағы академиялық айырма жойылғаннан кейін осы Ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Науқастануы бойынша қайта оқу жылына қалдырылған студенттерге, магистранттарға, докторанттарға олар қайтып келген сәттен бастап мемлекеттік стипендия оқу жоспары орындалған алдыңғы триместрдің қорытындылары бойынша осы Ережеде белгіленген тәртіппен тағайындалады және төленеді.

Туберкулезбен ауыратын студенттерге, магистранттарға, докторанттарға тиісті медициналық қорытындысы болған кезде мемлекеттік стипендия еңбекке жарамсыздық кезеңі үшін, бірақ алдыңғы триместрдің қорытындыларына қарамастан, еңбекке жарамсыздық басталған күннен бастап он айдан аспайтын мерзімге тағайындалады және төленеді.

5.10 Стипендияларды тағайындау триместрдің емтихан сессиясының нәтижелері негізінде Басқарма төрағасының бұйрығымен жүргізіледі.

5.11 Білім алушыларға стипендия төлеу олардың сомасын ақша алушының таңдауы бойынша банкте ашылған ағымдағы шотқа аудару жолымен жүзеге асырылады.

6 С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ-да білім алушылардың мемлекеттік стипендиясының мөлшері

6.1 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушыларға ай сайынғы мемлекеттік стипендияның мөлшері "Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларында және олардың мөлшерлерінде" белгіленеді:

1) даярлаудың педагогикалық бағыттарында білім алатын студенттерді қоспағанда, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім

| | | |
|--|---|---|
| <p>Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ-та білім алушылардың мемлекеттік стипендияларын төлеу тәртібі туралы ереже</p> |  <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p> | <p>"С. СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ" КеАҚ</p> |
| <p>БМСТТЕ СМЖ 02.2028-2020 13 парақтың 8 парағы 2-нұсқа</p> | | |

беру ұйымдарында оқитын студенттерге-26186 (жиырма алты мың бір жүз сексен алты) теңге;

2) жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында даярлаудың педагогикалық бағыттарында оқитын студенттерге – 42000 (қырық екі мың) теңге;

3) Магистранттарға - 66913 (алпыс алты мың тоғыз жүз он үш) теңге;

4) докторанттарға - 150000 (бір жүз елу мың) теңге;

6.2 Көзі көрмейтін мүгедектер мен құлағы естімейтін мүгедектер, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және қорғаншылықтағы (қамқорлықтағы) балалар, сондай-ақ емтихан сессиясының нәтижелері бойынша тек "өте жақсы" деген бағалары бар студенттер мен магистранттар жоғары мемлекеттік стипендия алуға құқылы.

Мемлекеттік стипендияны арттыру мөлшері А қосымшасына сәйкес белгіленеді.

6.3 Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекет қамтамасыз ететін студенттер мен магистранттарға мемлекеттік стипендия тиісінше студенттер мен магистранттардың мемлекеттік стипендиясы мөлшерінің 50 (елу) пайызы мөлшерінде белгіленеді.

6.4 Медициналық қорытынды негізінде академиялық демалыста жүрген студенттерге, магистранттарға, докторанттарға академиялық демалыс уақытында мемлекеттік стипендия докторанттардың, студенттердің, магистранттардың мемлекеттік стипендиясы мөлшерінің тиісінше 50 (елу) пайызы (мүгедектерге-75 (жетпіс бес) пайызы мөлшерінде белгіленеді.

6.5 Мемлекеттік стипендияларды төлеу төмендегі жағдайларда тоқтатылады:

- оқудан шығару (шығару) себептеріне қарамастан білім алушы білім беру ұйымынан шығарылған жағдайда;

- білім алушы қайтыс болған жағдайда;

- оқуды аяқтағаннан кейін бітіру туралы бұйрық шыққан күннен бастап.

6.6 Осы Ереженің 6.5-тармағында айқындалған жағдайлар бойынша мемлекеттік стипендияларды төлеуді тоқтату университет Басқармасы төрағасының тиісті бұйрығын шығару жолымен жүзеге асырылады.

7 Өзгерістер енгізу тәртібі

7.1 БМСТТЕ-ге түзетулер тек СБӨ рұқсатымен енгізіледі және оның қолдарымен құжатталуы керек.

7.2 БМСТТЕ-ге өзгерістер СМЖ ҚР 01.1006-2020 талаптарына сәйкес енгізіледі.

7.3 БМСТТЕ-ге өзгертулерді сапа қызметінің мамандары «Тіркеу парағында» міндетті белгісімен енгізеді (D қосымшасы).

| | | |
|--|---|---|
| <p>Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ-та білім алушылардың мемлекеттік стипендияларын төлеу тәртібі туралы ереже</p> |  <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p> | <p>"С. СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ" КеАҚ</p> |
| <p>БМСТТЕ СМЖ 02.2028-2020 13 парақтың 9 парағы 2-нұсқа</p> | | |

8 Сақтау және тарату

8.1 Бас құрастырушының сапалы қызметіне сақтау үшін бекітілген БМСТТЕ (түпнұсқа) көшірмесі үшін жауапты.

8.2 БМСТТЕ көшірмесін сақтау және бөлімшелер үшін тарату үшін жауапкершілік сапалы қызметке жүктелген.

8.3 БМСТТЕ электронды форматта «ARTA SYNERGY» электронды құжат айналымы жүйесінде тіркелген және университет кафедраларына жіберіледі: АМД, басқарма төрағасының қаржылық мәселелер және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі орынбасары, университеттің декандары мен кафедралары

| | | |
|--|--|--|
| Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ-та білім алушылардың мемлекеттік стипендияларын төлеу тәртібі туралы ереже |  SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY | "С. СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ" КеАҚ |
| БМСТТЕ СМЖ 02.2028-2020 13 парақтың 10 парағы 2-нұсқа | | |

А қосымшасы
(міндетті)

Ү.02.2028 - 01

Мемлекеттік стипендияларды көбейту мөлшерлері

| № р/н | Стипендиаттар тізімі | Пайызбен көбейту мөлшерлері |
|----------|--|-----------------------------------|
| 1 | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын көзі нашар көретін мүгедектер мен құлағы нашар еститін мүгедектерге; | 75 |
| 2 | "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын студенттерге, магистранттарға; | 50 |
| 3 | Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және азаматтардың қорғаншылығындағы (қамқорлығындағы) балалар қатарынан жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын студенттерге, магистранттарға; | 30 |
| 4 | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын, емтихан сессиясының нәтижелері бойынша тек "өте жақсы" деген бағалары бар студенттерге, магистранттарға (мемлекеттік атаулы стипендиялар мен Қазақстан Республикасы Президентінің стипендияларын алатын студенттерден басқа) | 15 |

Ескерту. Қосымшада көзделген көбейту мемлекеттік стипендияның белгіленген мөлшеріне (басқа көбейтулерді есепке алмағанда) жүргізіледі.

